

Қазақстан Республикасының Ұлттық Патент ведомствосы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 ақпан N 284. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Ұлттық патент ведомствосы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қазандағы N 877

Р 9 2 0 8 7 7 _

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 40, 600-бап);

"Патенттік баж салығы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1369 қаулысына өзгертулердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 46, 503-бап):

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 6 ақпандағы
N 284 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық патент
ведомствосы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы (бұдан әрі - Қазпатент) өнеркәсіп меншігі объектілерін (өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін , пайдалы модельдерді, тауар таңбаларын, қызмет көрсету белгілерін және тауарлар шыққан жерлер атауларын) құқық қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізуді қамтамасыз ететін, Үкіметі құрамына кірмейтін мемлекеттік атқару органы болып табылады .

2. Қазпатент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін, Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар мен келісімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазпатенттің негізгі міндеттері:
Қазақстан Республикасының біртұтас патент жүйесін құру және оны басқару;
өнеркәсіп меншігі объектілеріне қорғау құжаттарын (патенттер мен куәліктер) беру ;

өнеркәсіп меншігін қорғайтын заңдар мен нормативтік заң актілерінің жобаларын жасауға қатысу және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
мемлекеттік патент-ақпарат базасын қалыптастыру;
қорғалатын өнеркәсіп меншігі объектілері туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету ;

республика өнеркәсіп меншігінің шетелдердегі объектілерін патенттеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ;

өнеркәсіп меншігін қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру ;

өнеркәсіп меншігі объектілерін құқықтық қорғау саласында мамандар даярлауды, мамандардың біліктілігін арттыруды, патенттік сенімді өкілдерін аттестациялауды ұйымдастыру ;

ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан орталық атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың өнеркәсіп меншігінің объектілерін құқықты қорғау және пайдалану саласындағы қызметін үйлестіру болып табылады.

4. Қазпатент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:
өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгісіне патенттерді және тауар таңбаларына қызмет көрсету белгілеріне және тауардың шыққан жерінің атауына куәліктерді беруге түскен өтінімдерді тіркейді;
қорғау құжаттарын беруге түскен республикалық және шетелдік өтінімдерге

мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастырады, өнеркәсіп меншігі объектілеріне мемлекеттік тіркеу жүргізеді, Қазақстан Республикасының қорғау құжаттарын береді, олардың күшінде болуын қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

қорғау құжаттарын беруге түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік сараптама шешімдеріне келіспеушіліктер мен шағымдарды, сондай-ақ жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың Қазпатент құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа да өтініштерін қарастыруды ұйымдастырады;

өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі заңдар мен нормативтік заң актілерін жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізеді, өнеркәсіп меншігінің объектілерін қорғау саласындағы заңдардың қолданылу тәжірибесін талдап, қорытуды жүзеге асырады;

қорғалатын өнеркәсіп меншігінің объектілері жөнінде ресми бюллетеньдерді, сондай-ақ ақпарат материалдарын және Қазпатенттің құзыретіне жататын басқа да әдебиеттер басып шығаруды қамтамасыз етеді;

республика министрліктері және мемлекеттік комитеттермен бірлесіп, тиісті атқарушы органдарға өнеркәсіп меншігі объектілерін экспорттауға және импорттауға лицензиялар берудің және ноу-хаудың тиімділігі туралы тұжырымдар береді;

Қазақстан Республикасы аумағында қорғалатын өнеркәсіп меншігі объектілеріне лицензиялық шарттарды тіркейді;

өнеркәсіп меншігінің объектілерін құқықтық қорғау саласындағы мамандар даярлау мен біліктілікті арттыруды, патенттік сенімді өкілдерін аттестациялауды ұйымдастырады;

өнеркәсіп меншігін құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және басқа да жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік атқару органдарының өнеркәсіп меншігін құқықтық қорғау мен пайдалану мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнертабыс қорының жұмысын оның Жарғысына сәйкес ұйымдастырады;

өнеркәсіп меншігінің объектілерін құқықтық қорғау мен пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық және мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

5. Қазпатентке:

өнеркәсіп меншігінің объектілерін қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу, өнеркәсіп меншігінің объектілерін қорғау саласында Қазақстан

Республикасының заңдарын қолдану жөнінде өз құзыреті шегінде түсіндірме
б е р у ;

өз құзыреті шегінде нормативтік актілерді жасау және бекіту;
өнеркәсіп меншігінің объектілерін қорғауға байланысты құжаттардың
бірыңғай нысандарын белгілеу;

өнеркәсіп меншігінің объектілерін құқықтық қорғау мәселелері жөнінде
халықаралық шарттар жасасу және оларға қосылу туралы белгіленген тәртіппен
ұсыныстар енгізу құқығы беріледі.

6. Қазпатентті Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын Төраға
б а с қ а р а д ы .

Төрағаның Қазпатент Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан
Республикасының Үкіметі тағайындайтын бір орынбасары болады.

7. Төраға Қазпатентке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап
береді, оның жұмысын ұйымдастырады және ведомствоға қарасты ұйымдардың
қызметіне басшылық жасайды, олар туралы ережелерді бекітеді, Қазпатент
жүйесіндегі лауазымды адамдардың құзыретін айқындайды;

Қазақстан Республикасының атқару органдарымен, сондай-ақ басқа да
мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынаста Қазпатент
м ү д д е с і н білдіреді;

қолданылып жүрген заңдардың негізінде әрі олардың орындалуы үшін
Қазпатенттің және ведомствоға қарасты ұйымдардың қызметіне қатысты
бұйрықтар мен өзге де нормативтік актілерді шығарады, олардың орындалуын
т е к с е р у д і ұйымдастырады;

қажетті жағдайда басқа орталық атқарушы органдармен, сондай-ақ
республиканың мекемелерімен, ұйымдарымен бірлесе немесе келісе отырып,
орындалуы үшін міндетті нормативтік актілер қабылдайды;

өз құзыреті шегінде ведомствоға қарасты ұйымдардың, кәсіпорындар мен
мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және босатады;

Қазпатент қызметкерлерінің заңдарға сәйкес жұмыс жағдайын, сондай-ақ
жұмыстар атқаруға шартқа отыру, заңды тұлғалар мен жеке адамдарға қызмет
к ө р с е т у т ә р т і б і н белгілейді;

өз құзыреті шегінде әлеуметтік-тұрмыстық санаттағы мәселелерді шешеді;

Қазпатентті және ведомствоға қарасты ұйымдарды қаржыландыруға бөлінген
қаражат шегінде несиелерге өкімдік етуші болып табылады;
Қазпатенттің штаттық кестесін бекітеді.

8. Қазпатент республикалық бюджет қаржысынан, сондай-ақ өнеркәсіп
меншігінің объектілерін қорғауға байланысты заңды маңызы бар әрекеттер үшін
түсетін патенттік баж салықтары есебінен қаржыландырылады.

9. Қазпатент белгіленген тәртіппен статистикалық, бухгалтерлік және басқа

да есеп беру жөніндегі мәліметтердің әзірленуін және тиісті органдарға түсірілуін қамтамасыз етеді.

10. Қазпатент заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ орыс тілдерінде өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК